

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

3

MAY – JUNE 2021

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексе находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радун Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махматович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Ляззат Толеговна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. 16895-Ж, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2021

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

И. Жеменей, Б.Ш. Батырхан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: bolatkazakh@gmail.com

САҒДИ МЕН АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Аннотация. Сағди Ширази Иран елінде дидактикалық гуманистік ұстанымымен танылып, әлем өркениетіне өзіндік үлес қосқан, поэзиядағы шығыстың жеті жұлдызының бірі. Екеуін қаншама ғасыр бөліп жатса да Абай мен Сағдидің көзқарастарында ұқсастық, ақындықтарында сабақтастық байқалады. Бұған біз олардың өмір жолдарына және шығармашылықтарында үңілгенде айқын көз жеткізе аламыз. Екі ақын да өз заманының мұң-мұқтажын жырлады. Адамгершілікті, адалдықты, әділдікті дәріптеді. Пайдалы іс пен кәсіпке, өнер-білімге үгіттеді. Елдің ой-санасын оятуға тырысты. Сондықтан да олардың өлең-жырлары жұртшылықтың көңілінен берік орын алып, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Рухани саладағы құнды қазына, өлмес мұраға айналды. Сағди да Абай да шығыс әдебиеті үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін ортақ мақтаныш.

Шығыс әдебиетінің ең озық өкілдерінің шығармаларымен жете танысу арқылы Абай жаңа әлемге және Шығыс өркениетіне өзіндік жол ашты. Шығыс халықтары сөз өнерінің ұлы шеберлері мұрасының осы алтын көпірінде поэзиядағы сабақтастық болмысының орасан зор өрісі бар. Бүгінгі таңда шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің сабақтастығын зерттеу саласындағы өзіндік зерттеулер тәуелсіз Қазақстан ғылымындағы жаңа зерттеу бағыты болды. Ежелгі байланыстар мен дәстүрлерді түпнұсқа материалдарға негізделген іргелі зерттеулер, оларды зерттеуде жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдану қазіргі заманның ғылыми мәселелерін шешуде айтарлықтай рөл атқарады. Қазақ мәдениетінің рухани құндылықтарын әлемдік өркениетпен салыстыра қарастыру ұлттық көркем ой мен руханилықты жаңа деңгейге көтереді.

Бұл мақалада қос классик ақын – Сағди мен Абайдың шығармашылық сабақтастығы кеңінен талданады.

Кілт сөздер: Сағди, Шираз, Абай, әдеби байланыстар, қазақ, гуманизм, мадақ, Бустан, Гүлістан.

Кіріспе. Иранның Шираз шаһары басқа қырларымен қоса атақты шайырларымен де аты шыққан қала. Мұнда әйгілі Сағди Ширази (1210-1292), Хафиз Ширази (1315-1390) сияқты шығыс поэзиясының жұлдыздары дүниеге келіп, бақилық мекен тапқан. Шираз өзінің даму тарихында ғылым, мәдениет, өнер салалары бойынша көптеген жетістіктерге жеткен. Иранның кіндік тұсындағы Фарс провинциясының орталығы. Бүгінде онда бір жарым миллионнан аса халық тұрады.

Сағди Ширазда 1210 жылы туған. Алғашқы білім сауатын көзі ашық, көкірегі ояу әкесінен алған. Бірақ әкесі жас кезінде қайтыс болғандықтан нағашы атасы Мәшүт Мүслиһұлының тәрбиесінде болады. Ол кісіден әдебиет пен шарифат бойынша біраз нәрсе үйренеді. Әрі қарай оқу-білімін жалғастыру үшін 1215-1216 жылдар шамасында Бағдатқа аттанады. Бұлай басқа қалаға кетуінің тағы бір себебі сол тұста Шираз ғана емес, күллі Фарс аймағы саяси талас-тартысқа толы аласапыранды жағдайды бастан кешіп жатқан еді. Бір айта кетерлігі, тақталастық тартыс негізінен түркілер арасында болып жатты. Олар билік үшін күрес жүргізе

отырып, исламның күшеюіне, ғылымның өркен жаюына ықпал етті. Олай дейтініміз, мәселен селжұқ патшаларының бірі Арслан Селжұқ 1063-1072 жылдары Бағдатты билеп тұрғанда ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөліп, ірі оқу орындарын ашу жөнінде жарлық шығарды. Бұл іске оның уәзірі Низам әл-Мүлік белсене кірісіп, 1062-1065 жылдары Бағдат қаласында тұңғыш медресені ашты. Ол «Низамие» медресесі атанып кетті. Медреседе оқу тегін және барлық жағдай жасалып, бай кітапханасы болып, онда білікті ұстаздар дәрі беріп, ислам елдеріндегі ең ірі білім мен ғылым ордасына айналды. Шамамен 1091 жылдары имам Мұхаммед Ғазали сынды ұлы ғұлама-ғалымдар сабақ берді. Оқу бағдарламасы сүнни-шафи мәзһаб негізінде түзіліп, араб әдебиеті, ислам шарифаты, математика, тарих, биология, музыка т.б. пәндер оқытылды. Кейін осы үлгідегі медреселер Иранның Исфahan, Нишабур, Амол, Мысырдың Каир, Ауғаныстанда Герат, Бәлх қалаларында ашылды. Бірақ олардың қай-қайсысы да Бағдаттың «Низамие» медресесіндей бола алмады. Сәті түсіп, Сағди Шираздан Бағдатқа аттанып, осы медреседе оқуын жалғастырды. Атақты ғұлама ғалым

Жамаледдин Әбдіраһман әл-Мүһтәсіптің имам Аһмет Һәнбәл фикһындағы дәрістерін тыңдап оны өзінің ұлағатты ұстазы санады.

Сағди Ширази ақын ретінде әлем әдебиетінде танымал тұлға. Оның ақындық қасиетін сезген Абай не үшін одан рухани медет сұрады деген ой болды бізде. Сол себепті, мақсатымыз – Сағдидың өмір жолы мен білім алған жолын оның Бустан мен Гүлістан, замандас ғалымдар мен зерттеушілердің зердесінен қарау. Сонымен бірге Абайдың өмір мен білім алу жолдары қандай болғанына зер салып, екі заманда дүниеге келген екі ақында қандай үндестік бар және қандай өзгешеліктер бар екеніне ой жүгіртейік деген мақсат қойдық. Міндетіміз екі шайырдың өмірі мен шығармашылығын барынша өздері қалап, сүйген тілдерінен қарастырып, зерделеуді өзімізге міндет санадық. Сондай-ақ осы талпынысымыздың нәтижесінде ұлы ойшыл ақындар қашанда жан дүниесі адам үшін сүйініш пен күйініште боларына сене алатындай шығармалары адам мен адамның бақыты және құндылығын жырлағанда қабысатын тұстарының межесі қандай болмақ деген қортындыға ойландырса, біздің талпыныс өз нәтижесін берді деп көңіл көншіген болар.

Сағди сопылық ілімін сүнни шафи мәзһәбты ұстанған Шаһабеддин Әбуһәфс Омар ибн Мұхаммед Соһревәрди (1145-1234) мектебінен алды. Ол сопылық ілімін адамның жүрегін таза болуына, сенімінің тәңіріне шынайы болуына септігін тигізетініне иланса да өзі сопылықтың белгілі бір мектебіне тәуелді болмады. Өйткені көптеген сопылардың дәрістерін тыңдап, әйгілі сопылардың әңгіме-дүкен құрған отырыстарында көп болып, өзінің сопылық жөніндегі білімін айтарлықтай жетілдірді. Бағдатта он жылдай үлкен ұстаздардан білім мен тәлім-тәрбие алған соң, ұзақ жылдар һижаз, Сирия, Ливан, Римға елдеріне сапар шекті. Бұл елдерде түрлі кәсіп иелерімен әңгімелесіп, өмір-тіршілікті әр қырынан байқап, қоғамдық психологияның өзгешеліктеріне зер салып, өзіне үлкен ой түйді. Бірқатар тұжырымдар жасады.

Осы арада айта кететін бір жәйт, Шығыс Түркістандағы Кашғар, Үндістандағы Сұманат қазауатына қатысып, пұттарды қиратқан оқиғаларды көзбен көрген Дәулетшаһ Самарқандидің (1435-1494) «Ақындар шежіресі» атты еңбегі бар. Сонда шежіреші: «Сағди он төрт рет қажылыққа барған. Рим мен Үндістанда қазауаттарға қатысқан», - деп жазады [4;597]. Алайда Сағдидың Үндістанда қазауатқа қатысқаны дұдамалдау. Мұны кейбір зерттеуші ғалымдар «тәлімдік мақсатта айта салған болуы ықтимал» дейді. Өйткені Сағдидің Бағдатқа сапары 1215 жылдары басталып, отыз бес жылға созылып 1250 жылдың аясында туған өлкесі Ширазға қайта оралуымен аяқталған. Сонда оның жасы елуге таяп қалған болатын. Бұл жөнінде ол былай деп жырлаған:

«Сәт сайын өмір алға жылжиды,
Қарасақ өтіпті оның талайы.
Елу жыл жүріппіз ұйқыда,
Енді қалғаны қалай болмақ.
Ештеңе жасамай өту ұят-ақ,

Соңғы сапардың дабылын қағып, жеміс берместен!» [5; 590]. Қарап отырсақ осында Сағди мен Абайдың пайымында ұқсастық байқалады. Өйткені Абай да Сағди сияқты жас шағымды құлбекер өткіздім деп уайымдаған.

Жалпы шығыстық медреседе жүргізілетін оқу әдісі бойынша оқушы әуелі ұстазға еліктеп, оның дәрістерін міндетті түрде жаттап, білім қазынасына жинақтайды. Әрі қарай білім қазынасындағы шикізат күйіндегі еліктеу мен қайталаған дәрістер жылдар өтіп, оқушының бойына сіңіп барып, өзіндік өнім бере бастайды. Сағди мен Абай шығыстың классикалық мектебінің ғылым-білімге сусындау сатыларынан өтіп барып, бойына сіңірген күйге келгенде алған білімдерін ой електерінен өткізіп өндіре бастаған. Қазіргідей кейбір шикіөкпелердей қолына бір жапырақ құжат қағаз алып: «Мен ғалым болдым», - деп жер жаһанға жария салмаған. Міне сол дәстүрдің жемісін қырық-елуге келгенде бойларынан шығарып, өндіре бастаған Сағди сияқты Абай да өкініш білдіреді. Бұл ұлылық. Абай:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бар – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», - дейді [1; 45].

Абай жастық шағының арман – аңсарын келешекпен байланыстырып, болашақ ұрпақ елдің тағдыры үшін қаншалықты мәні мен маңызы зор екенін меңзейді. Онда баланың білім алуының бағыты қызмет пен шен үшін емес, халқының жарқын өмірі мен бақыты үшін керектігін айтады. Сондықтан бүгінгі күнде де білім мен ғылымымыз елдің игілігіне қызмет етуі тиіс.

Сағди ондаған жылын саяхатта өткізіп, көптеген жәйттарды көріп, елге оралған шақта елдегі халқы, дос-жарандарының қамы үшін, көрген-білгендерін жұрттың кәдесіне жарасын және оларға базарлық болсын деген ниетпен «Бұстан» (Гүл бағы) дейтін еңбек жазған. Онысы 1257 жылы кітап болып басылып, елге тараған. Бұл шығармада ақын: 1. Әділдік 2. Игілік 3. Махаббат 4. Кішіпейілдік 5. Ризалық 6. Қанағат 7. Тәрбие 8. Шүкірлік 9. Тәубе 10. Мұнажат мәселелерін қамтыған.

Бұдан соң келесі 1258 жылы ақынның

«Гүлістан» хикаялар кітабы дүниеге келген. Бұл шығармасының ерекшелігі мұнда этикалық тақырыптарды оқуға жеңіл һәм қызықты қысқа да нұсқа түрінде өлең жолдарымен берген. Жинақ: 1. Кіріспе 2. Патшалардың мінез-кұлқы 3. Дәруіштердің этикасы 4. Қанағаттың артықшылығы 5. Үндемеудің пайдасы 6. Махаббат пен жастық 7. Әлсіздік пен қарттық 8. Тәрбиенің әсері 9. Әңгіме-дүкен құрудың әдеби деген сегіз тараудан тұрады.

Сағди мен Абай шығармаларының үндестігі

Абай шығармасында Сағдидың шығармасындағы тақырыптарымен үндестік сезіледі. Сондықтан этика, саясат, қоғамдық және тәрбие мәселелері мен қоғамдық психология, адам мен қоғам, өмір мен мақсат, таным мен пайым сынды тақырыптарда қамтылған. Өйткені екі ақын үшін адам және адамның мақсат-мұраты адамға тән болуы тұрғысынан қарағанда бір-бірімен үндесіп келеді. Сағди:

«Адамның тәні адамдық рухпен киелі,
Сәнді киім емес, адамдық көркі» [10; 18].

Сағди әдебиет әлемінде ақын ретінде өзі өмір сүрген заманында және өлгеннен кейін де өте атақты болды. Оның бірнеше себебі бар. Олар: 1. Шығармашылық сөйлем тілі қарапайым, қысқа сөздерден құралған. Ол жай сөздермен терең ойлар айтқан. Сондай-ақ өлең-жырлары көпшілікке түсінікті болғандықтан халыққа кеңінен тарап, оңай қабылданған. Оның тілі, өзінен кейінде ел арасында қолданыс таба білді. Тіпті қазіргі парсы тілі, Сағдидің тіліне жақын, онда көп айырмашылық жоқ. Ал қысқа да нұсқа тілінің арқасында ақынның көптеген сөз-сөйлемдері жұртшылық арасында мақал-мәтелге айналып кеткен. Түйін сөздері, өлең жолдары бір талай елдердің әдебиетінен де орын алған. Мысалы, Біріккен Ұлттар ұйымында бір-біріне мұқтаж жандар үшін бүкіл адамзатқа арналған Сағдидің мына өлең шумағы ұран етіп жазылған:

« Адам баласы-бір дененің мүшесі,
Жаратылыста-бір мәйектен тегі де.
Қайран заман-ауырта қалса, бір мүшесің,
Өзге мүшелерінде тыным қалмас белгілі.
Сен өзгенің дертіне бейқам болсаң,
Адам атауына лайық боп қалмассың» [9; 37].

Абай да Сағди заманынан ғасырлар бойы алшақ жатса да, санасы сол сияқты адамға тән болмысты жырына арқау еткен:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті,
Осы үш сүю болады имани гүл» [2; 57].

Абай адамның «баламын», «жаспын» дей бермей, сананың жетілер күні де жасың ұлғайғанда ақылға салып, иманыңа келіп, өмірде адамша болып тірлік ету және тәңір құлы болған адамды сүю керектігін айтқан.

«Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,

Кез жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Адамды сүй, алланың хикметін сез.

Не қызық бар өмірде онан басқа» [2; 46].

Сағди мен Абай адам рухының азат санамен қабысып, адам болмысын өзіне лайық болу керектігін көркем тілмен жыр етіп келгендігі олардың адамдық ұлық рух иелері екенін анық аңғартты. Олар саяси тарих құбылып тұрған күрделі кезеңге тап болса да өздерінің адамдық қасиеттерінен ажырамауға тырысты. Бұл да екі ұлы ойшыл шайырдың ұқсас тұсы іспеттес.

Сағди мен Абай өмірінің жол айырығы

Бір ерекшелік Сағдидің заманында саяси билікте оның арқа сүйер әміршілері көбірек болды. Соның айғағындай ақын «Бұстан», «Гүлістан» дейтін жырларының кіріспесінде Ширазды билеген әмірлерді мадақтап, оларға арнап өлеңдер жазды. Әмірлер қатарында Әбубәкір Сәғдұлы (1226-1260) аталды. Оны құрметтегендіктен Әбубәкірдің әкесінің атын өзінің лақап есімі етіп алды. Әлгі аталған «Бұстан» кітабында Әбубәкір Сәғдұлы мен оның баласы Сәғд Әбубәкірұлына мадақ өлеңдер арналған.

Тарихтың кейде қызық тұстары болады. Оны айтып отыру парыз. Ақиқатында Әбубәкір Сәғдұлының тегі оғыз түрікмендердің бір тармағы - Сәлғұр тайпасынан шыққан.

Иран елін жаулаған селжұқтардың қолбасшысы оғыз түркілерінен шыққан Тоғрұл Бек (1016-1063) 1037 жылы парсының Нишабур қаласында өзінің патшалық тағына отырғанын жария етті. Кейін Рей қаласын жаулап, ол шаһарды абаттандырып, селжұқ патшалығының астанасы етіп жариялады. Бұл қала 1043-1051 жылдары астана міндетін атқарып, әрі қарай Исфаһанға ауысты. Осылай жалғаса отырып 1194 жылға қарай Иран елінде селжұқтар билігі әлсірей бастаған тұста сәлғұр түркімендері еңсе көтеріп, аймақтық күшке айналды. Солардың бірі Сұңқар Мәудедұлы 1148 жылы өзінің автономиялық үкіметін жариялап Фарс өлкесінің сәлғұр әмірлігін құрды. 1161 жылға дейін билікте отырып Ширазды гүлдендірді. Әйтсе де селжұқ патшалығына салық төлеп тұрды. Осы әмірлік 1287 жылға дейін билік құрып, оның соңғы билеушісі болып небәрі 1286-1287 жылдары Әбіш хатун отырды. Сәлғұр әмірлігі Сағди үшін бақ болды. Билікті тастап, күллі әдебиет пен өнер сүйер қауым оны қолпаштап қолдады.

Тарихқа зер салсақ: 1. Иранды билеген түркілердің парсыланып отырғанын байқаймыз. Өйткені олар парсы тілі мен әдебиетінің ықпалына есе жіберді. Осы сияқты түркі даласына келген парсылар, арабтар, моңғолдар т.б. түркіленіп отырды. Мұның да себебін түркінің тілі мен әдебиет, мәдениетінің әсерінен іздеу ләзім. Бұл тарихта әдебиет пен өнердің, мәдениеттің зор рөлі болғанын айғақтайды. Бұдан түркілер мен парсылар рухани бәсекеде тарихтың талай саяси иірімдерінен өтіп, бүгінге

жеткенін көреміз. Демек, ұлттық болмысын сақтауда тіл мен әдебиеттің аса маңызды екенін естен шығармауымыз керек.

2. Сағди мен Абайдың гуманизмі ортақ құндылығы болып келсе де оларды бір-бірінен анық ерекшелендіретін жағдайлар болды. Жоғарыда айтқанымыздай билікте әмірлер Сағдиды қолдап, қорғаштап һәм мәпелеп отырды. Соның арқасында Сағди Шираздағы және одан тыс жерлерде әмір мен сарайдың сый-құрметіне бөленіп, еркін өмір сүрді. Сондықтан да ол барлық саналы ғұмырын елді адамгершілікке, игілікке үгіттеу мен жетелеуден жалықпай түрлі мәдени, ағартушылық жұмыстар атқарды. Оған биліктің көрсеткен сый-құрметі мен өзінің бойындағы ізгі ниет, дара дарындылығы, тыныш өмірі поэзия мен прозасын нәрлендіріп, халқы мен адамзатқа рухани миуаға айналуына мүмкіндік берді. Ал Абай болса: «Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» [2; 22] деп жанкештілігімен әлем әдебиетіне елеулі үлесін қосты. Абайды демеп, мәпелейтін жалғыз әмір, оның халқына шексіз махаббаты болды. Сонда Абай:

«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?
Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?
Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.
* * *

Жүрегіңнің түбіне терең бойла.
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!
Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты, көп көрдім елден бірақ.
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтап, бақ сөзіме!
Ішім – толған у мен өрт, сыртым дүрдей.
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей», - деп мұңайды, назаланды [2; 22].

Абай егерде рахат пен ләззатты байлық пен биліктен іздеген болса, атадан әкеге мирас болып қалған байлық, мал-дүние жетерлік еді. Бірақ ол елінің қамында байлық пен билік ортасында жалғыз қалып, өз жұртымен парақ бетіндегі жазбаларымен әңгіме-дүкен құрып, сұхбаттасып, сырласып өмір кешті. Абай айтқан да айтпаған

сырлары қазақ жұрты үшін ғасырларға созылатын екі арадағы диалог болып жалғаса берері анық. Өйткені адам өз табиғатында өзінің азғын рухын илаһи рухына бағындыру үшін көп қуат жұмсау керек-ақ. Сол себептен Абай қазаққа да адамға да бақытқа жету жолында даналық пен надандық арасындағы күрес үшін шамшырақ болары хақ. Өйткені онда Абай қазақ қазақты сүю үшін, адам адамды сүю үшін махаббат шыңында шұғылалы шамын жүрегімен лаулатып тұр.

Сағди қайтыс болған күннен бастап, елінің құшағына енген болды. Өйткені Шираз қаласының қақ ортасында орналасқан гүлзарына күн сайын мыңдаған, жыл сайын миллиондаған зияратшы барып, ғазалдарын оқып, пал ашып, ақынның рухына құран бағыштап жатады.

Абайдың тірі кезінде көппен болып, жалғыз сезінген жүрегі оңашада ел деп соқты. Ол дүние салған соң да жалғыздық сарайына орналасқандай бауыры Шәкәріммен жұптасып, сырлас боп жатқаны жұбаныш. Әйтпесе төрт маусымның талай күндерінде даланың ызғарымен амалсыз үндесіп жатады. Бір күн туар, Семей қаласында «Абай –Алаш бағы» халқының құшағында бой көтеріп, олардың өмірі мен шығармалары сол бақта саяхатшы мен оқушыларына тарту етілер. Шәкәрім де Алаш қатарында болар. Ондай «Ұлттық мәдени кешен» Абай мен Алаш қайраткерлеріне әбден лайық болмақ!

Сағди мен Абай шығармаларының халықтық сипаты

Сағди мен Абай өмір жолының тағы бір ұқсас тұсы бар. Онда екі ақын өмір сүрген заманында да қайтыс болған кейінгі заманында да шығармалары оқырманның ықыласына бөленумен келеді. Демек, Сағди мен Абайдың өлеңдері, қара сөздері халықтық сипатқа ие болған шығармалар деп айтуға лайық.

Сағди мен Абайдың сенімі мен нанымы жайында

Сағди мен Абай екі гуманист ақын ретінде тәңіріге сенген иманды жандар екенін өздерінің өлең жолдарында анық баян еткен. Тек қана баяндаудағы түрінде айырма бар. Олай дейтініміз, Сағди орта ғасырда ислам дінін дәріптеу, танытуға арналған әдеби дәстүр бойынша өзінің имани нанымын жырласа, Абай өз заманына тән қарапайым халқына қарапайым тіл, бірақ терең мағынада иманын жырға қосқан.

Ортағасырлық дәуірде ислам діні көптеген елдерге таралып, белгілі бір бағытта қалыптасып отырды. Сол үшін ислам дініне негіз болған төрт ислами қағида мен саяси құндылықтарының ірге болып қалануына ақындар ерекше атсалысты. Соның арқасында ортағасырлық мұсылман ақындарының поэзиясында «мадақ» жанры қалыптасты. Әрине: 1. Басты мадақ жаратушы тәңіріге арналады. Онда әрі ақын барынша Алланың сыр-сипатын баяндап, оқырманды жаратушының тұңғыық қырларына бойлауына

ой салып, барлығына иландырып, имандылыққа шақырады. Мәселен Сағди:

1. Тәңірге мадақ:

«Жан берген құдайдың атымен,
Сөйлеуге тіл берген хакім-тын.
Қол берген, жомарт құдайға,
Қателікті кешіруші жомартқа.
Оның табалдырығына бармаған әзиз жан,
Өзге ешбір есікке барып ізет таппаған.
Кеуде қаққан патшалардың басы,
Оның табалдырығына мұқтаж боп, бас иген.
Жуаным дөрекіні лезде қысып алған,
Кешірім сұрағанды алдынан кумаған.
Сұрқия істеріңе қаһарланса егерде,
Қайтып келер күніңе жазып қояр әрине!
Ал әкеге соғыспақ болар болса егерде,
Күмәнсіз әке қаһарланар әлбетте.
Ал ағайын риза болмаса ағайыннан,
Бөтен жандар сияқты қуып жіберер алдынан.
Ал өз ісіне епті болмаса іші,
Оны әзиз тұтпас істің иесі.

Ал досқа мейірлі болмасаң егер,
Дос дегенің сенен ұзақтап қашар.
Ал әскер қызметін тастап кетер болса,
Онан безер болар қол басшысы сонда.
Бірақ жоғарыда да төменде де бар құдай,
Ашу басып, кімде кімге рызык есігін жаппағай.

Екі дүниесі ғылым теңізінің бір тамшысы,
Күнәні көрсе, перде жауып сабыр салысы.
Құлпырған жер жүзі, барлығына дастарқан,
Дұшпанға да досқа да жайылған дастарқан [10; 1-2].

2. Пайғамбарға мадақ:

Табиғатында жомарт, көркем мінезді,
Жаратылғандардың елшісі, шапағаттың мәйегі.

Елшілердің басы, жол көрсетуші,
Тәңірінің сенімдісі, жебірейілдің тұрағы [10; 8].

3. Шәдиярға мадақ:

Тұңғышы Әбубәкір, сүйген пірі,
Залым диюға шеңгел салған Омар,
Ақылды, түн ұйқысын бұзған Осман,
Төртінші шаһ дүлдүл мінген Әли. [10; 10].

4. Әбубәкір Сәгдұлына мадақ:

Менде бұндай шабыт қалау еместі,
Патшаларды мадақтау басты еместі.
Дінді қолдаушы, әділ жаһан күзетшісі,
Келген емес Омардан кейін Әбубәкірдей.

Шығыс ислам әдебиетінде ақындар тәңірі, елшісі, шәдияр мен дінге қызмет етіп, қолдап, демеп жүрген әмірлер, патшаларды мадақтауды әдеби дәстүрге айналдырған. Оған парсы, түркі шайырлары бірдей атсалысқан. Мәселен: Әбілқасым Фирдауси, Жүсіп Баласағұн, Қожа Аһмет Йәсәуи, Сағди Ширази, Хафиз Ширази және тағы басқалары. Шығыс әдебиетіндегі «төрт мадақ» жайында тұңғыш жазған Шейх

Аһмет Құдайдад Тарази «Көркем сөз өнері» атты кітабында жазды. Сондай «мадақ» жанрын әлем әдебиеті тарихындағы орнын осы мақаланың авторы «Тарих-и-Рашиди» кітабын жазған «Мұхаммед Хайдар Дулат-тарихшы-қаламгер» атты докторлық диссертациясында бір тарау етіп жазған.

Абай Алла жайын өзінің өскен қоғамдық ортасына лайық қаламға алып, оған деген сенімін жыр еткен.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті,
Алланы танытуда сөз айырмас» [2; 65].

Оның басты себебі Сағди өмір сүрген заман дінге, мәзһабқа талас-тартыс көп болған. Сол себепті тәңірге, оның елшісіне, шәдияр мен жақсы-жайсаңдарды тұрақты әдеби шығармаларда дәріптеу, жаппай халықтың сенімін арттыруға поэзияда дәстүрлі мадақ жанры қажет болды. Ал Абай заманында Орталық Азияда дін мен сүнни-қанапия мәзһабы әбден орнығып, өз орнын алған заман болатын. Мәселен күні бүгінге дейін қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, ұйғыр тағы басқалар бір дін және бір мәзһабта. Сондай Орталық Азия мен Кавказдарда дін не мәзһаб талас-тартысы жоқ-тын. Бірақ орнын жалған сопылар мен дүмше молдалар толтырған. Сол үшін Абай надандық пен жалғандыққа күресуге қарсы көп күш жұмсауға мәжбүр болды.

Қорытынды

Сағди Ширази мен Абай Құнанбайұлы заман тұрғысынан қарағанда арақашықтығы ғасырларға созылады. Сағди XIII ғасыр аясында өмір сүрген. Абай болса XIX ғасырдың екінші жартысын тұтастай қамтып, XX-ғасырдың баспалдағына қадам басып, тіршілік етті. Ал өмір сүрген мекендері бір-бірінен мыңдаған шақырым алшақ орналасқан болса да екі ақынның жүрегі адам және адамның тағдыры мен бақытты болулары үшін бірдей соқты. Біз осы жазбада олардың өмір жолын зерделей отырып, соның анық дәлелін олардың шығармаларынан мысалдап көрсеттік. Аталған екі шайырдың жазу тәсілі қысқа да нұсқа етіп, қарапайым сөздермен терең ойға жетелей білгендері де назарда болды. Сондықтан екі ақынның өлеңдері, қара сөздері олардың тірі кезінде һәм қайтыс болғаннан кейін де ел ауызында мақал-мәтелге айналды. Өйткені адам, адамның болмысындағы құндылық, адам нәпсісінің дүниеуи және рухани сұранысы заман аясында өзіне тән қайырымдылық пен сұрқиялық табиғатынан айнымай адам өмірімен қабысып, жалғаса береді. Сондықтан адамның табиғатындағы сұраныстар жайындағы құбылмалы құбылыстар анық ақынның ойында сараланып, жырында көрініс таба алса, заманнан заманға мәңгі жасай алатын махаббат пен ғадауаттың мәйегі болып жырлана бермек. Сондықтан Сағди мен Абай адамның шынайы болмысына бойлай білгені үшін оқырманның сырлас, мұңдасы болып, өз шығармаларында олармен бірге өмір сүре бермек.

И. Жеменей, Б.Ш. Батырхан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ДУХОВНОЕ СОЗВУЧИЕ В ТВОРЧЕСТВЕ СААДИ И АБАЯ

Аннотация. Саади Ширази внес неизмеримый вклад в мировую цивилизацию Ирана как одну из семи звезд восточной поэзии как поэт и мыслитель со своими дидактическими гуманистическими взглядами. Представители мировой поэзии признали, что Абай Кунанбайулы, лидер духовного мира казахского народа, внес значительный вклад в мировую цивилизацию. Подобно Саади, Абай - поэт и мыслитель с дидактическим гуманистическим мировоззрением. Глядя на жизнь Саади и Абая, оба поэта имеют одну общую черту. Стихи и истории этих двух поэтов были известны, прочитаны, замечены и восхищались в стране после их смерти. Кроме того, стихи и истории двух поэтов коротки и полны мыслей. Поэтому и стихи, и изречения стали пословицами в стране.

Через обращение в произведения лучших представителей литературы Востока Абай проложил собственный путь в современный мир и в восточную цивилизацию. На этом золотом мостике наследия великого мастера слова казахов и народов мира находится огромное поле разнообразия бытия преемственности в поэзии. На сегодняшний день оригинальные изыскания в области изучения преемственности восточной литературы и казахской литературы стали новым направлением поисков в науке суверенного Казахстана. Фундаментальные исследования вековых связей и традиций, основанные на оригинальных материалах, использование новых подходов и методов в их изучении востребованы для решения научных задач современности. Сравнительное рассмотрение духовных ценностей казахской культуры со всемирной цивилизацией поднимает на новый уровень национальную художественную мысль и духовность.

В статье авторы стремились проанализировать духовное созвучие в творчестве поэтов Саади и Абая.

Ключевые слова: Саади, Ширази, Абай, литературные связи, казах, гуманизм, восхваление, Бустан, Гулистан.

I. Zhemenev, B. Baturkhan

Al-farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail:

SPIRITUAL SOUND IN THE WORKS OF SAADI AND ABAY

Abstract. Saadi Shirazi made an immeasurable contribution to the world civilization of Iran as one of the seven stars of oriental poetry, as a poet and thinker with his didactic humanistic views. Representatives of world poetry recognized that Abay Kunanbayuly, the leader of the spiritual world of the Kazakh people, made a significant contribution to world civilization. Like Saadi, Abay is a poet and thinker with a didactic humanistic worldview. Looking at the life of Saadi and Abay, both poets have one thing in common. The poems and stories of these two poets were known, read, noticed and admired in the country after their death. Also, the poems and stories of the two poets are short and full of thoughts.

By turning to the works of the best representatives of the literature of the East, Abay paved his own path into the modern world and into the Eastern civilization. On this golden bridge of the heritage of the great master of the word of Kazakhs and the peoples of the world, there is a huge field of diversity of being of continuity in poetry. To date, original research in the field of studying the continuity of oriental literature and Kazakh literature has become a new direction of research in the science of sovereign Kazakhstan. Fundamental studies of age-old ties and traditions based on original materials, the use of new approaches and methods in their study are in demand for solving scientific problems of our time. Comparative consideration of the spiritual values of Kazakh culture with the world civilization raises national artistic thought and spirituality to a new level.

In the article, the authors tried to analyze the spiritual consonance in the works of the poets Saadi and Abay.

Key words: Saadi, Shiraz, Abay, literary relations, Kazakh, humanism, praise, Bustan, Gulistan.

Information about authors:

Islam Zhemenev – Doctor of philological Sciences, Professor, Director of the «Turan-Iran» research center Al-farabi Kazakh National University, jemeneyislam@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0002-6622-0757>

Baturkhan Bolatbek – PhD, Associate professor Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, bolatkazakh@gmail.com <https://orcid.org/0000-0003-2942-925X>

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Абай Құнанбайұлы. 2004, Шығармаларының екі томдық толық жинағы, - Алматы: Жазушы,-т.1: өлеңдер мен аудармалар, 296 б.
- [2] Абай Құнанбайұлы. 2004, Шығармаларының екі томдық толық жинағы, - Алматы: Жазушы,-т.2: өлеңдер мен аудармалар, 336 б.
- [3] Абай энциклопедия. 1995, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 720 б.
- [4] Сәфа З. 1373, Ирандағы әдебиет тарихы, XI-басылым, Тегран: III-том/1, 586-622 бб.
- [5] Шейх Аһмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері, И. Жеменей аудармасы. 2017, - Алматы: Таңбалы, 440 б.
- [6] Жеменей И. 2000, Хафиз және қазақ әдебиеті, - Алматы: Алтынсарин баспасы, 122 б.
- [7] Жеменей И. 2007, Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы, қаламгер (монография), -Алматы: «Зерде» баспасы, 360 б.
- [8] Қос өзен немесе қанаттас түркі - парсы ақындары. 2010, - Павлодар: Павлодар университеті, 276 б.
- [9] Сағди, Гүлістан: нақылдар, хикаялар. М.Әлімбаев аудармасы. 1991, - Алматы: Жазушы, 272 б.
- [10] Сағди, Жаннат (Жеміс бағы): дастан. М.Әлімбаев аудармасы. -Алматы: Жазушы, 332 б.
- [11] Мырзахметұлы М. 1994, «Абай және шығыс», - Алматы: Қазақстан, 208 б.
- [12] Әуезов М. Энциклопедия. 2011, - Алматы: Атамұра, 688 б.
- [13] Өзбекстан Ұлттық энциклопедиясы. 2004, - Өзбекстан: 12 томдық мемлекеттік ғылыми баспасы.
- [14] Раудат аш-Шухада. 2004, Шейіттер бағы. - Өзбекстан Республикасы, Ташкент: Ә. Науаи атындағы Тіл және Әдебиет институты, Мауароннаһр баспасы, 607 б.
- [15] Шәкәрім. Энциклопедия. 2008, - Семей, 864 б.

REFERENCES

- [1] Abai Qunanbayuly. Complete works of Abay Kunanbayev in two volumes. 2004. - Almaty: Jazuhy, Volume.1, 296 p.
- [2] Abai Qunanbayuly. Complete works of Abay Kunanbayev in two volumes, 2004- Almaty: Jazuhy, Volume 2, 336 p.
- [3] Abai. Kazakh encyclopedia, Almaty: «Qazaq ensiklopediasy» Bas redaksiyası, 1995, «Atamura», 720 p.
- [4] Sáfa Z. 1373, History of literature in the mountains, Tehran: Volume III /1. – P. 586-622.
- [5] Sheih Ahmet Qudaidad Tarazi, Sheikh Ahmet Kudaidad Tarazi, Art of the artistic word, transfer Islam Jemenei. 2017. - Almaty: Tañbaly, 440 p.
- [6] Jemenei I. 2000, Hafiz and Kazakh literature, - Almaty: Altynsarin baspasy, 122 p.
- [7] Jemenei I. 2007, Myrza Khaidar Dulati (1499-1551), a historian, a writer (monograph), -Almaty: «Zerde», 360 p.
- [8] The Turkic - Persian poets of the two rivers or crylate. 2010, - Pavlodar: Pavlodar university, 276 p.
- [9] Saadi, Gulistan: narindar, adventure, transfer M.Álimbai. 1991. - Almaty: Jazushy, 272 p.
- [10] Saadi, Zhannat (orchard): Dastan, transfer M.Álimbai. - Almaty: Jazushy, 332 p.
- [11] Myrzychmetuly M. 1994, Abay and the East. -Almaty: Qazaqstan, 208 p.
- [12] M. Auezov encyclopedia. 2011, - Almaty: Atamura, 688 p.
- [13] National encyclopedia of Uzbekistan. 2004, - Ózbekstan: 12 tomдық мемлекеттік ғылымı baspasy.
- [14] Raýdat ash-Shýhada. 2004, Shay's garden. - Ózbekstan Respýblikasy, Tashkent: Álisher Naýai atyndaғы Тіл және Áдебиет институты, Мауароннаһр, 607 p.
- [15] [Shakarim Encyclopedia. 2008, - Semei, 864 p.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Р.Ж. Мрзабаева*
Верстка на компьютере *В.С. Зикирбаева*

Подписано в печать 12.06.2021.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

22, 25 п.л. Тираж 300. Заказ 3.